

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУДІҢ
ШАҒЫН НЫСАНДАРЫН ДАМУ**

РАЗВИТИЕ МАЛЫХ ФОРМ ХОЗЯЙСТВОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

DEVELOPMENT OF SMALL BUSINESSES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Г.К. САПАРОВА¹

э.ғ.д., профессор

А.М. АЛШЫНБАЙ²

Э.ғ.к.

Г.А. ДЖАМБАЕВА^{*3}

аға ғылыми қызметкер

¹"Қаржы академиясы" АҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы, Алматы, Қазақстан

³Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды

дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: gulzada49@mail.ru*

Г.К. САПАРОВА¹

д.э.н., профессор

А.М. АЛШЫНБАЙ²

к.э.н.

Г.А. ДЖАМБАЕВА^{*3}

старший научный сотрудник

¹АО «Финансовая академия», Нур-Султан, Казахстан

²Казахская академия труда и социальных отношений, Алматы, Казахстан

³Казахский НИИ экономики агропромышленного комплекса и
развития сельских территорий, Алматы, Казахстан

**электронная почта автора: gulzada49@mail.ru*

G.K. SAPAROVA¹

Dr.E.Sc., Professor

A.M. ALSHYNBAY²

C.E.sc.

G.A. DZHAMBAYEVA^{*3}

Senior Researcher

¹JSC "Academy of Finance", Nur-Sultan, Kazakhstan

²Kazakh Academy of Labor and Social Relations, Almaty, Kazakhstan

³Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural
Development, Almaty, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: gulzada49@mail.ru*

Аңдатпа. Материалдар Қазақстанда шаруашылық жүргізудің шағын нысандарын (ШЖШН) дамытуды мемлекеттік қолдау мәселелерін зерттеуге арналған. Агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды буыны ауыл шаруашылығы болып табылады, ол елді азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етеді. Мақалада өңірлік ерекшеліктерді, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруды ескере отырып, мемлекеттік реттеу шараларын жетілдіру қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік беретін тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдаудың отандық және халықаралық тәжірибесі қарастырылған. Авторлар шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тиімді қызметіне бюджет қаражатының қол жетімділігі айтарлықтай әсер ететінін атап өткен. Жүргізілген талдау шағын шаруашылық жүргізу нысандарымен кредиттер мен басқа да қаржы көздерін тартудың шектеулі мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл проблемаларды шешу өндірілген өнімнің кепілдік берілген көлемін сатып алу, бюджет қаражаты есебінен қарыздар беру, жеңілдікті кредит беру және салық салу, субсидиялау негізінде жүзеге асырылуға тиіс. Саланы, атап айтқанда, мал шаруашылығын, қарқынды бау-бақша

Аннотация. Материалы посвящены исследованиям вопросов государственной поддержки развития малых форм хозяйствования (МФХ) в Казахстане. Важнейшим звеном агропромышленного комплекса является сельское хозяйство, которое обеспечивает страну продуктами питания и промышленность сырьем. В статье рассмотрен отечественный и международный опыт государственной поддержки товаропроизводителей, позволяющий сделать вывод о необходимости совершенствования мер госрегулирования, с учетом региональных особенностей, реализации государственных и отраслевых программ. Авторы отмечают, что существенное влияние на эффективную деятельность субъектов малого предпринимательства оказывает доступность бюджетных средств. Проведенный анализ показал ограниченные возможности привлечения кредитов и других финансовых источников малыми формами хозяйствования. Решение этих проблем должно осуществляться на основе закупа гарантированного объема произведенной продукции, предоставления займов за счет бюджетных ассигнований, льготного кредитования и налогообложения, субсидирования. Определены необходимые меры государственной помощи для развития отрасли в целом, в частности животноводства, интенсивного садоводства, переработки сахарной свеклы. По результатам разработок сделаны выводы, что при финансовой и имущественной поддержке сельхозтоваропроизводителей, включая малые категории агробизнеса, будут реализованы задачи, поставленные перед аграрным сектором – увеличение доли рынка отечественной продукции, снижение импортозависимости. МФХ играют важную роль в производстве аграрной продукции, продовольственном обеспечении, социальной стабильности на селе.

Abstract. The materials are related to the research of issues of public support for the development of small forms of business (SFB) in Kazakhstan. The most important link in agro-industrial complex is agriculture, which provides the country with food products and industry with raw materials. The article examines the domestic and international experience of public support of commodity producers, which makes it possible to draw a conclusion about the need to improve government regulation measures, taking into account regional characteristics, and implementation of State and sectoral programs. The authors note that the availability of budget funds has a significant impact on the effective activity of small businesses. The analysis showed the limited possibilities of attracting loans and other financial sources by small businesses. The solution to these problems should be carried out on the basis of the purchase of a guaranteed volume of manufactured products, provision of loans at the expense of budgetary allocations, concessional lending and taxation, subsidies. The necessary measures of government assistance for the development of the industry as a whole have been determined, in particular, animal husbandry, intensive gardening, and sugar beet processing. Based on the results of the developments, it was concluded that with financial and property support of agricultural producers, including small categories of agribusiness, the tasks set for agricultural sector - increase in market share of domestic products, decrease in import dependence will be implemented. Small farms play an important role in the production of agricultural products, food supply, social stability in the countryside.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, нысаналы бағдарлама, мемлекеттік қолдау, шаруашылық жүргізудің шағын нысандары, субсидиялар, пайыздық мөлшерлеме, жеңілдікті кредит беру, инвестициялар.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, целевая программа, государственная поддержка, малые формы хозяйствования, субсидии, процентная ставка, льготное кредитование, инвестиции.

Key words: agro-industrial complex, target program, public support, small businesses, subsidies, interest rate, concessional lending, investments.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық кешенін мемлекеттік қолдауды

Республиканың агроөнеркәсіптік кеше-

нінің аймақтық деңгейдегі экономикалық жағдайын жақсарту үшін мақсатты бағдарламалар жүзеге асырылуда – бұл аймақтағы бар ресурстық әлеуетті ұтымды пайдалануға негізделген дербес салаларды дамыту.

Бағдарламаның көрсеткіштері мен іс-шараларының негізінде республикада стандарттарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешеннің маңызды бағыттарында – ет және сүт бағытындағы ірі қара мал өсіруді, құс өсіруді, суармалы жерлерді дамыту бойынша 10 және одан да көп жылға арналған ұзақ мерзімді салалық жоспарлар жасалды [1].

Ет бағытындағы ірі қара малын өсіруді дамытудың негізін отбасылық ферма түріндегі шағын үй шаруашылықтары құрайды. Бағдарлама ірі қара өсіруге арналған фермалардан, өндірістік бордақылау алаңдарынан және заманауи ет өңдеу кешендерінен тұратын ынтымақтастық түрінде салынған [2]. Жобаға қатысушылар үшін жеке қолдау шарттары ұсынылды: жер учаскелерін басымдылықпен бөлу, мал сатып алуға, машиналар мен жабдықтар сатып алуға жеңілдікпен несиелер беру және жайылым инфрақұрылымын құру.

Сиыр етін өндіру бағдарламасын іске асыру жоспары 10 жылға, яғни 2018-2027 жылдар аралығында шаруа қожалықтарының санын 2027 жылға дейін 80 мың бірлікке дейін ұлғайту жоспарлануда. Мақсаты – сиыр етінің экспортын ұлғайту және импортқа тәуелділікті азайту.

Осыған байланысты ірі қара малдың аналық басын көбейтіп, 2027 жылға дейін 370 мың бастан 3,997 мың басқа дейін жеткізу жоспарланып отыр, сәйкесінше сиыр етінің экспортын 1 304 мың тоннаға дейін арттыру. Мал бордақылау алаңдарының құрылысы (ҚК) 20 мың басқа шаққанда 62 мың бірлікке дейін артады.

Мал шаруашылығы саласын жемшөппен қамтамасыз ету үшін мамандандырылған машиналар мен жабдықтар сатып алуға өндірістік және инвестициялық шығындарды субсидиялау арқылы жемшөп дақылдарының өндірісі көбейтіледі. Шөппен шырынды жемшөп өндіру үшін 2027 жылға дейін суармалы жердің көлемін 1 млн гектарға жеткізу жоспарланып отыр.

Асыл тұқымды мал басын асылдандыру, сондай-ақ азықтандырудың тиімділігін арттыру үшін асыл тұқымды бұқалардың әлеуеті жеке қосалқы және фермерлік шаруашылықтарында пайдаланылатын болады. Қазақстанда қазірдің өзінде жалпы сыйымдылығы 134 мың басты құрайтын 30 бордақылау алаңы бар [3].

Сүт бағытындағы мал шаруашылығын дамыту бағдарламасында механикаландыру мен өнеркәсіптік өндіріс деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік беретін отбасылық және өнеркәсіптік тауарлы фермалар қарастырылады. Сүт секторын қолдау мен субсидиялаудың арнайы бағдарламалары әрдайым диверсификациялануға және өнім сапасын жақсартуға бағытталған [4].

Мемлекеттік көмек шаруашылықты жүргізудің шағын нысандарының тұрақты дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасауға арналған қолайлы шарттарда көрсетіледі. Республикада Ауыл шаруашылығы министрлігі мен қаржы институттарының сүт өнеркәсібін қолдауға арналған көптеген бағдарламалары бар.

Мемлекеттік субсидиялар ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге мал басын сатып алу, оларға жем бағасының бір бөлігі сияқты шығыстардың негізгі баптары бойынша шығындарды өтеп беру жолымен қаржылық жеңілдік жасауға мүмкіндік береді. Жеңілдікпен берілетін несиелер шаруашылықты жүргізудің шағын нысандарына өнім сапасын едәуір жақсартуға ықпал ететін заманауи жабдықтар сатып алуға мүмкіндік жасайды.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі дайындаушыларға бюджетке төленетін қосылған құнға есептелінген салық сомасын қайтарып өтеу түріндегі қолдау да орын алады.

Бағдарлама бойынша жаңа отбасылық фермаларды 2022 жылға дейін 220 бірлік, ал 2027 жылға қарай 550 бірлікке дейін ұлғайту жоспарланған. Асыл тұқымды малды сатып алу 2023 жылға қарай 525 мың басты құруы қажет.

Бағдарламаны іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктер мен басқа да қаржы институттарында несиелер капиталының пайыздық мөлшерлемелерін жеңілдікпен несиелеу, субсидиялау тәрізді қаржы құралын, инвестициялық қызметке арналған демалысы – 3 жыл, мерзімі – 15 жылға, 4% мөлшерлемеге дейінгі шарттарымен енгізілуі қажет.

Қазақстанның потенциалы өте жоғары – жер қорын қосып есептегенде ауыл шаруашылығына арналған жердің жалпы көлемі 225 млн гектардан асады, олардың ішінде шаруашылықты жүргізудің шағын нысандарына 60 млн га жатады. Бұл өз кезегінде қой мен ешкі бас санының өсуіне мүмкіндік береді. Салалық бағдарлама бойынша 10 жыл ішінде қой басының санын 2 есе көбейту жоспарлануда. Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижесінде шамамен 5000 тауарлы шаруашылықтар, және 500-

700 мың қой өсіруге мамандандырылған шаруашылықтарды ашу көзделіп отыр.

Қазақстандағы қой басының негізгі үлесі үй шаруашылықтарында 57% шоғырланған, ал фермерлік шаруашылықтарында – 38,1%. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарында қой басы 4,7% құрайды және мұнда негізінен асылдандыру жұмыстары жүргізіледі [5].

Қой шаруашылығында басым бағыт – жүнді алғашқы қайта өңдеу кәсіпорындарының қуаттылығын пайдалануды қамтамасыз етуге қабілетті көлемде қозы және биязы жүн өндіру болып табылады.

Мал шаруашылығының саласын дамытуға қажетті шаралар:

- ✓ фермерлер үшін жайылымдарды басымдықпен бөлу (76 млн га);
- ✓ фермерлерді жеңілдікпен несиелендіру (4% 15 жылға);
- ✓ ауыл шаруашылығына арналған бір-ыңғай аграрлық салық (айналымнан 1%);
- ✓ таза тұқымды қашарлардың импорты (10 жылда 1 млн бас);
- ✓ фермалар мен жобаларға арналған инфрақұрылымы үшін «Нұрлы Жол» бағдарламасымен синхрондау;
- ✓ оқыту шаруашылықтарын құру;
- ✓ барлық байланысты техника өндірістерін оқшаулау;
- ✓ ветеринарлық тәуекелділіктерді сақтандыру.

Тұрақты жемшөп базасын құру шаралары ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін арттырады. Жеке инвестициялар есебінен мал сатып алу шығындарын азайту мақсатында мал саудасының инфрақұрылымы құрылады:

- тауарлы сүтті өндіруді арттыру мақсатында отбасылық және өндірістік сүт фермаларын құру, өндірісті, селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды механикаландыру деңгейін көтеру бойынша шаралар қабылданатын болады;
- асыл тұқымды репродукторларды құруды ынталандыру және сапалы асыл тұқымды материалды пайдалану;
- қой шаруашылығында қой мен биязы жүн өндірісі басым болады;
- қозы өндірісі үшін қозыларды жыл бойына өндіру және өсіру технологиялары енгізіледі;
- биязы жүнді өндіру үшін селекциялық-асылдандыру жұмыстары ауылдық кооперацияны дамыту арқылы биязы жүнді алғашқы өңдеуге арналған кәсіпорындардың қуаттылығын пайдалануды қамтамасыз ететін аймақтық мамандандыру сұлбасын ескере отырып, биязы жүнді 47

тұқымды қой өндірушілерді қолдана отырып ынталандырылатын болады;

• жылқы өсіруде және түйе өсіруде басты назар тауар өндірісіне аударылады, бұл үшін ауыл шаруашылық кооперативтері қызмет көрсету, жылқы мен түйе өсіру өнімдерін сатып алу және қайта өңдеу, сондай-ақ құдықтарды жабдықтауға шығындарды субсидиялау және жайылымдарды жақсарту жөніндегі іс-шараларды өткізу арқылы жайылымдарды суландыру бағдарламасы құрылады;

• құс өнеркәсібінде салқындатылған құс етін өндіруді және тұтынуды ынталандыру, ет өндірісі үшін отбасылық және өндірістік құс фабрикаларын құру, сондай-ақ инкубациялық бекеттер, жұмыртқаны терең өңдеу бойынша шаралар қабылданатын болады, және аймақтық бағдарламалар арқылы құс өсірудің дәстүрлі емес аймақтары (су құстары мен бөденелер) дамытылатын болады [6];

• шошқа етін өндірудің тиімділігін арттыру үшін асыл тұқымды материалдың қолжетімділігі қамтамасыз етіліп, жұмыс істеп тұрған шошқа өсіру кешендері мен фермаларын жаңғыртуды ынталандыру шаралары қабылданады [7].

Экспорттық әлеуеті бар ауыл шаруашылығының болашағы бар салаларының бірі – күріш өсіру, тұтынушылардың күрішке сұранысы жыл сайын артып келеді.

Әлемдік нарықта күрішке деген сұраныстың артуы және ұсыныстың бір уақытта төмендеуі осы өнімге бағаның өсуіне әкелетіні сөзсіз. Мұндай жағдайда әр ел өзінің ішкі ресурстарына ғана сүйене отырып, халықтың күрішке деген қажеттілігін қанағаттандыру мәселесін шешуге мәжбүр. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда күріш өсіруді дамыту маңызды стратегиялық міндет болып табылады [8].

КО шеңберінде тең бәсекелестік жағдай жасау үшін осы стратегиялық саланы мемлекеттік қолдау шаралары қаншалықты тиімді болып табылатындығы мәселе туғызады. Қазақстанда күріш өсіруді дамытудың барлық айқын тұрақтылығымен қатар жүйелі шешуді қажет ететін бірқатар проблемалар туындайды: саланың құрылымдық-технологиялық жаңаруының төмен қарқыны, нарықтық инфрақұрылымның қанағаттанарлықсыз деңгейі, өндірістің кең дамуы, саланың қаржылық тұрақсыздығы, саланы дамытуға жеке инвестициялардың жеткіліксіз ағымы, білікті кадрлардың жетіспеушілігі [9].

Күріш өсіретін аймақта егістік жерлер

мен ауыспалы егіс алқаптарын, сондай-ақ инженерлік және ирригациялық жүйелерді тиімді пайдалану маңызды. Еліміздің күріш жүйелерінің жерлері нашарлауда, ауыспалы егістер, күріш өсіру технологиясы бұзылуда.

Суармалы жерлерді тиімді пайдалануға едәуір ықпал ететін суармалы сулардың сараланған тарифтерін бір уақытта ескере отырып, қолданыстағы суару жүйелерін кешенді қайта құруға және техникалық қайта жарақтандыруға басымдылық берілуі керек. Шағын кәсіпкерліктің үлесіне күріш өсірудің 51,5% келеді.

2027 жылға дейінгі қарқынды бау-бақшаны дамытудың ұзақ мерзімді салалық бағдарламасында қарқынды бақтардың аумағын екі есеге ұлғайту, 47 мың гектар алма, жидек, жаңғақ бақтарын өсіретін жаңа бақтар құру жоспарлануда [10].

Қарқынды бау-бақша шаруашылығын дамыту проблемалары:

- технологияны қолданудың төменгі деңгейі;
- жеміс сақтау қоймасының жетіспеушілігі;
- тасымалдау жүйесі мен жол инфрақұрылымының дамымағандығы;
- дамымаған сату және маркетинг жүйесі;
- тұрақсыз мемлекеттік саясаттың салдарынан саланың төмен инвестициялық тартымдылығы.

Осыған байланысты қарқынды бау-бақша дамытуға арналған мемлекеттік шаралар қажет:

➢ еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, қолданыстағы механикаландырылған және басқа да мамандандырылған бау-бақша бригадаларын құру немесе нығайту, ұйымдастыру мен еңбекақы төлеудің прогрессивті түрлерін енгізу, еңбек өнімділігінің өсуін қамтамасыз ету және жұмысшылардың өндіріс нәтижелеріне материалдық қызығушылығын арттыру;

➢ бау-бақша шаруашылықтарын заманауи мамандандырылған жабдықтармен жарақтандыру;

➢ сертифицикатталған вируссыз жеміс-жидек отырғызу материалдарын қажетті көлемде өндіру;

➢ жеміс және жидек дақылдарын өсірудің жоғары өнімділігін, экологиялық таза өнім өндіруді қамтамасыз ететін интенсивті және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізу (пестицидтер жүктемесі төмендеген кезде);

➢ жеміс-жидек өнімдерін сақтау және өткізу жүйесін жетілдіру;

➢ агроөнеркәсіптік интеграцияны дамыту, ірі бақшашылықты ірі мамандандырылған кәсіпорындар мен бірлестіктерде шоғырландыру, бау-бақша шаруашылықтары мен шаруашылық ішіндегі бөлімшелерді терең мамандандыру.

Майлы дақылдардың егіс алқабын 2030 жылға дейін 5 миллион гектарға дейін едәуір арттыруға болады. Саланы дамыту бағдарламасында нөлдік кезең 2018, 2019-2021 жж. – бірінші кезең, 2022-2025 жж. – екінші кезең және 2026-2030 жж. – үшінші кезең, республиканың майлы дақылдармен, өсімдік майымен өзін-өзі толық қамтамасыз етуі және дайын өнімді экспортқа шығару кезеңі.

Майлы дақылдарды қайта өңдеу кәсіпорындарын жүктеу және сұранысқа ие өнімдердің экспортын арттыру үшін күнбағыс, рапс, зығыр, соя сияқты майлы дақылдар өндірісін және қайта өңдеу кәсіпорындарының осы өнімді сатып алуын арттыру ұсынылады.

Егістік алқаптарын әртараптандыру, суармалы жерлердің көлемін ұлғайту өзекті болып табылады; элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының желісін құру; заманауи ауыл шаруашылық техникаларымен қамтамасыз ету; тұқымдар, тыңайтқыштар және өсімдіктерді қорғау құралдары құнының бір бөлігін субсидиялау; агротехнологияларды міндетті түрде сақтау.

Кәсіпорындарға майлы дақылдарды қайта өңдеу үшін жүк тиеу және өнім экспортын ұлғайту оларды қайта өңдеу кәсіпорындарының сатып алуын ынталандырады. Жеміс-көкөніс өсіруді, жүзім өсіруді дамыту, инвестициялық шығындарды субсидиялау жылыжай кешендерінде маусым аралықтарында көкөніс өнімдерін салуды, өндіруді ынталандырады.

2018-2027 жылдарға арналған қант өндірісін дамытудың салалық бағдарламасы. Қазақстандағы қант қызылшасын өндіруді негізінен екі аймақ қамтамасыз етеді: Алматы және Жамбыл. Елеусіз егіс алқаптары Түркістанда, сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан, олардың үлесі қант қызылшасының жалпы өніміндегі 3% құрайды.

Қант өндірісінде импортталған шикі қамыстан алынған қант үлкен үлес алады. Ішкі нарықтың қамтамасыз етілмеген сұранысы дайын қант импортымен толтырылады.

Қазіргі проблемалар:

♦ жоғары сапалы отырғызу материалын сатып алу мүмкіндігінің жоқтығы: отандық сапаның төмендігі, импортталған тұқымның қымбаттығы;

♦ ауыл шаруашылық өндіріс орындарының төмен техникалық жабдықтылығы;

♦ қолданыстағы зауыттардың өзекті мәселелері (жабдықтардың тозуы) және шикізатты өндірушілер мен өңдеушілердің өзара әрекеттестігінің жоқтығы;

♦ өндірілетін өнімнің сапасын оның тұтынушыларының талаптарымен байланыстырудың болмауы (өнеркәсіптік қайта өңдеушілердің стандарттарына сәйкес қант сапасының мәселесі);

♦ қант қызылшамсының субөнімдерін пайдаланбау.

Қажетті шаралар – егіс алқаптарының ұлғаюы, соның ішінде, суармалы алқаптар.

2027 жылға қарай қант импорты үлесінің 90%-дан 10%-ға дейін төмендеуі болжануда. Қуаттылығы тәулігіне 18 мың тонна болатын 3 жаңа қант зауытын салу, сондай-ақ жалпы қуаттылығы тәулігіне 5 мың тонна болатын қолданыстағы 2 зауытты кеңейту және жаңарту жоспарлануда [11].

Проблемаларды шешу үшін сертифицикатталған өндірушілердің желісін кеңейту қажет; қант қызылшасы тұқымдарының отандық сұрыптарын өсіруді дамыту; 1-ші ұрпақ будандарының тұқымдарын субсидиялаудың пайыздық мөлшерлемесін 70%-ға дейін жоғарылату; субсидияланған тұқым мөлшерлемесін арттыру; тұқым шаруашылығын дамыту бағдарламасы арқылы тұқым шаруашылығын техникалық қолдау.

Бұл ретте егіс алқабын 2027 жылға қарай 3 есеге (78 мың га) және өнімділікті 30% ұлғайту жоспарлануда, сонда қант қызылшасының жалпы түсімі 3 330 мың тонна құрайтын болады, яғни 4,3 есе өседі.

Отандық шикізаттан қанттың үлесін 77% арттыру үшін зауыттар салуға инвестициялық субсидиялар қажет (25%), айналым қаражаты ставкасына субсидия көлемін 10%-ға дейін ұлғайту, ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне өңдеуге тапсырылған қант қызылшасының тоннасына субсидия беруді 2022 жылға дейін жалғастыру, қант зауыттарына ҚҚС 70% жеңілдіктерін енгізу, әкімдіктердің жаңа зауыттарды қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуі қажет. Сонымен бірге, 8 қант зауытында өндірістік қуаттылықты жылына 3 300 мың тоннаға дейін арттыру жоспарлануда.

Қант қызылшасын өндіруді және қайта өңдеуді ұлғайту мақсатында қант қызылшасын өсіруді және оларды қайта өңдеу кәсіпорындарының сатып алуын ынталандыру, мини-фабрикалар салу және инвестициялық шығындарды субсидиялау және суды үнемдейтін технологияларды

енгізу арқылы жұмыс істеп тұрған қант зауыттарын қайта құру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасында Түркістан облысы мақта өсірумен айналысады. 2019 жылға жалпы егіс көлемі 131,1 мың га құрады. Шитті мақта өсірудегі негізгі үлес шаруа (фермерлік) қожалықтарына тиесілі, олардың жалпы көлеміндегі үлесі 94% құрайды.

Картоп өсіруде картоп сақтайтын қоймалардың құрылысын қолдай отырып, картоптың вируссыз тұқымын пайдалануды ынталандыру арқылы өнімнің сапасы мен өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар қабылдау қажет.

Жеке шаруашылықтар егіс алқаптары көлемінің және мал басының аздығына қарамастан ауыл шаруашылық өнімдері мен азық-түлігін жеткізушілер болып табылады. Олардың республикадағы егіс алқаптарының үлес салмағы картоптың 55%, көкөністің 40%, ірі қара малдың 65%, қой мен ешкінің 55,1%-ын құрайды, 56% ет, 72,8% сүт және 22,5% жұмыртқа өндіреді.

Жеке шаруашылықтардың даму болашағы қарым-қатынастар сипатына, қоғам өндірісімен экономикалық қатынастарына, сонымен бірге басқарудың экономикалық тәсілдерін жетілдіруіне байланысты, бұл ауылдың еңбек потенциалын толық қолдануға мүмкіндік туғызады.

Жеке шаруашылықтар отбасылық шаруашылықты құрудың негізі болуы мүмкін, бірақ олар өндіріс көлемімен айрықшалануда. Өндірістен түскен қаржы жеке меншік иесі құқығы негізінде азаматтарға тиесілі, олардың отбасыларын азық-түлікке қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік реттеу жүйесінде жеке шаруашылық отбасылық шаруашылық пен фермерлік шаруашылықтың ортасында орналасқан.

Жоспарланып отырған мемлекеттік және салалық бағдарламалар іске асырудан алынатын эффектке міндетті түрде ғылыми-технологиялық дамыту жолымен қол жеткізуге болады. Олар – жаңа технологияларды енгізу және пайдалану, ауыл шаруашылықты басқаруды жетілдіру, бизнес, ғылым және білім беру арасындағы қарым-қатынастың болуы, мерзімдік сипаттамаларын - сала қызметтерінің көбі мерзімді болуын ескере отырып субсидиялау мен несиелендіру үрдісін реттеу, яғни ауыл шаруашылық жұмыстарының келесі кезеңдері басталмастан бұрын шешім қабылдап, қаржыландыру. [11]

Тұжырымдар

1. Несиелік механизм құрамына: ұзақ

мерзімді несиелердің үлесін жеңілдікпен несиелеу, пайыздық мөлшерлемелерді төмендету, кепілдік операцияларының тетігі арқылы мемлекет көзінен тікелей несиелеу, коммерциялық банктер жүйесінде ипотекалық несиелеуді дамыту жатқызылуы керек.

2. Несиелендірудің құралдар жүйесі мен институттарын құру қажет (ауыл шаруашылық несиелік банк, коммерциялық банктер, несиелік кооперативтер).

3. Бұрын шығарылған өнімдердің асортиментін кеңейту мен технологиясын жетілдіру жағдайында ескірген өндіріс базасындағы жолдарды жүзеге асыру үшін аймақтық деңгейде экономикалық сипаттағы қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету қажет.

4. Өндірісті басқаруда мақсатты-бағдарламалық әдіске өтудің көрсетуінше, салалық бағдарламаларды құрудан басқа, салаларды республика аймақтары бойынша орналастыру параметрлерін негіздеу де қажет етіледі.

5. Салалық бағдарламалар аясында бюджет қаржыларын сала дамыту потенциалы бар және табиғи климаттық жағдайлары сәйкес келетін аймақтарға үлестірілуі қажет.

Список литературы

1 Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423> (дата обращения: 06.08.2020г.).

2 Концепция реализации инвестиционной отраслевой программы мясного животноводства на 2018-2027 гг.- Астана, 2018.- 17 с.

3 Долгосрочная отраслевая программа развития молочного животноводства на 2018-2027 годы [Электронный ресурс]. – 2018.- URL: <http://www.kazsut.com/wp-content/uploads/Dolgosrochnaya-programma-molochnogo-zhivotnovodstva.pdf> (дата обращения: 07.10.2020г.).

4 Национальная программа развития мясного животноводства на 2018-2027 гг. [Электронный ресурс]. – 2018.- URL: <http://www.meatunion.kz/images/nacionalnaya-programma.pdf> (дата обращения: 12.10.2020г.).

5 Концепция реализации долгосрочной инвестиционной программы развития птицеводства на 2018-2027 гг.- Астана, 2018.- 13 с.

6 Концепция реализации инвестиционной отраслевой программы развития свиноводства на 2018-2027 гг. [Электронный ресурс]. – 2018.- URL: <http://www.attach/16050926861866817601/0%3B4/?folder-id=0&x> (дата обращения: 19.10.2020г.).

7 Нуркужаев, Ж.М., Сигарев М.И. Потенциал развития малых форм хозяйствования в сельскохозяйственном производстве по регионам Казахстана: рекомендации / Ж.М. Нуркужаев, М.И. Сигарев. – Алматы: КазНИИ экономики АПК и РСТ, 2018. – 38с.

8 Приказ и.о. Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 23 июля 2018 года № 317 «Об утверждении Правил субсидирования по возмещению части расходов, понесенных субъектом агропромышленного комплекса, при инвестиционных вложениях» [Электронный ресурс]. – 2018. – URL: <http://www.zakon.uchet.kz/rus/docs/V170001481> (дата обращения: 21.10.2020г.).

9 Правила субсидирования развития племенного животноводства, повышения продуктивности и качества продукции животноводства от 15 марта 2019 года №108. МСХ РК. Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – 2019. – URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018404> (дата обращения: 26.10.2020г.).

10 Приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 30 марта 2020 года № 107 «Об утверждении Правил субсидирования повышения урожайности и качества продукции растениеводства» [Электронный ресурс]. – 2020. – URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020209> (дата обращения: 23.10.2020г.).

11 Обзор НИР по государственной поддержке в АПК.- Нур-Султан: ТОО «Аналитический центр экономической политики в АПК», 2020.- 50 с.

References

1 State program on development of agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 [Electronic resource]. – 2017. – URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000423> (date of access: 06.08.2020).

2 The concept of implementation of the investment sector program of beef cattle breeding for 2018-2027.-Astana, 2018. - 17 p.

3 Long-term sector program on development of dairy farming for 2018-2027 [Electronic resource]. – 2018. – URL: <http://www.kazsut.com/wp-content/uploads/Dolgosrochnaya-programma-molochnogo-zhivotnovodstva.pdf> (date of access: 07.10.2020).

4 National program on development of beef cattle breeding for 2018-2027. [Electronic resource]. – 2018. – URL: <http://www.meatunion.kz/images/nacionalnayaprogramma.pdf> (date of access: 12.10.2020).

5 Concept of implementation of a long-term investment program on development of poultry farming for 2018-2027.- Astana, 2018.- 13 p.

6 Concept of implementation of the investment sector program on development of pig

breeding for 2018-2027. [Electronic resource]. – 2018. – URL: <http://www.attach/16050926861866817601/0%3B4/?folder-id=0&x> (date of access: 19.10.2020).

7 Nurkuzhaev, Zh.M., Sigarev M.I. Development potential of small farms in agricultural production in the regions of Kazakhstan: recommendations / Zh.M. Nurkuzhaev, M.I. Sigarev. - Almaty: KazRI of AIC Economy and RD, 2018. - 38p.

8 Order of the Acting Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan dated July 23, 2018 No. 317 "On approval of the Rules for subsidizing the reimbursement of part of costs incurred by the entity of agro-industrial complex, in case of investments" [Electronic resource]. – 2018. – URL: <http://www.zakon.uchet.kz/rus/docs/V170001481> (date of access: 21.10.2020).

9 Rules for subsidizing the development of livestock breeding, increasing the productivity

and quality of livestock products dated March 15, 2019 No. 108. MA RK. The reference control bank of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource].- 2019.- URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018404> (date of access: 26.10.2020).

10 Order of the Minister of Agriculture of the Republic of Kazakhstan dated March 30, 2020 No. 107 "On Approval of the Rules for Subsidizing the Increasing of Yields and Quality of Crop Production" [Electronic resource].- 2020. – URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020209> (date of access: 23.10.2020).

11 Review of research work on public support in the AIC.-Nur-Sultan: "Analytical Center for Economic Policy in AIC" LLP, 2020.- 50 p.

Авторлар туралы ақпараттар:

Сапарова Гүлнар Кәрімқызы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Экономика және менеджмент» кафедрасының профессоры, "Қаржы академиясы" АҚ, 010000, Есенберлин көш., 25 үй, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, Saparova_g.k@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3414-1787>

Алшынбай Айнұр Мұхтарқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Экономика және бизнес» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы, 050004, Наурызбай батыр көш., 9, Алматы, Қазақстан, Kyka62@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0805-687X>

Джамбаева Гүлзада Алдаберггенқызы, аға ғылыми қызметкер, АӨК экономикалық реттеу бөлімі, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, 050057, Сатпаев көш., 30-б, Алматы, Қазақстан, gulzada49@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1031-5199>